

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Э.А.Түркебаев атындағы жобаларды басқару институты

«Бизнес және менеджмент» кафедрасы

Жумадилла Қасымхан
Ниязхан Бектұрхан

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

«Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетіктерін қолдану негізінде қалада көшені жарықтандыру торабын салу»

5B051000-Мемлекеттік және жергілікті басқару

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Э.А.Түркебаев атындағы жобаларды басқару институты

«Бизнес және менеджмент» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

«Бизнес және менеджмент»

Кафедра меңгерушісі

PhD докторы, профессор

 С.Н. Досова

« 06 »  2019 ж.

Дипломдық жобаға

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА


Тақырыбы: «Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетіктерін қолдану негізінде қалада көшені жарықтандыру торабын салу»

5B05100-Мемлекеттік және жергілікті басқару

Орындаған: Жумадилла Қасымхан
Ниязхан Бектурхан

Пікір беруші

PhD докторы

 А.Н.Жанбырбаева

« 05 »  2019 ж.

Ғылыми жетекші




экон.ғыл.канд., асс. профессор

 К.К.Примжарова


« 05 »  2019 ж.

Алматы 2019

Дипломдық жоба дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге көрсету мерзімі	Ескерту
1) Қоғамдық тауарлар мен қызметтер өндірісінде мемлекеттік-жекешелік әрпітестікті пайдалану негіздері	15.01.2019ж	орындалған 
2) Қала көшелерін жарықтандыру және оның қазіргі жағдайын талдау	15.03.2019ж	орындалған 
3) Халықты қоғамдық игіліктермен қамтамасыз етуде мемлекеттік-жекешелік әрпітестік тетіктерін қолдануды жетілдіру	15.04.2019ж	орындалған 

Аяқталған дипломдық жоба бөлімдеріне норма бақылаушының қойған қолтаңбасы

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер (тегі, аты, әкесінің аты)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Норма бақылаушы	Ж.Ж.Султанбекова	8.05.2019	

Ғылыми жетекшісі:  Примжарова Калияш Куанышевна

Тапсырманы орындайтын білім алушылар: Жумадилла Касымхан,
Ниязхан Бектұрхан

Күні «05» 05 2019 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Э.А.Түркебаев атындағы жобаларды басқару институты

«Бизнес және менеджмент» кафедрасы

5B051000-Мемлекеттік және жергілікті басқару

БЕКІТЕМІН

«Бизнес және менеджмент»

Кафедра меңгерушісі

PhD докторы, профессор

 С.Н. Досова

« 06 » 01 2019 ж.

**Дипломдық жобаны орындауға арналған
ТАПСЫРМА**

Білім алушылар: Жумадилла Касымхан, Ниязхан Бектұрхан

Тақырыбы: «Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетіктерін қолдану негізінде қалада көшені жарықтандыру торабын салу»

Университет ректорының «25» 09. 2018 ж. №1064-б бұйрығымен бекітілген Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «20» сәуір 2019 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері Есеп-түсініктеме жазбаның талқылауға берілген сұрақтарының тізімі мен қысқаша диплом жобасының мазмұны

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі;

1) Қоғамдық тауарлар мен қызметтер өндірісінде мемлекеттік-жекешелік әріптестікті пайдалану негіздері

2)Қала көшелерін жарықтандыру және оның қазіргі жағдайын талдау;

3)Халықты қоғамдық игіліктермен қамтамасыз етуде мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін қолдануды жетілдіру;

Сызбалық материалдардың тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)
10 кесте, 8 сурет. Ұсынылған негізгі әдебиет барлығы 16 атау

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті,
Э.А.Түркебаев атындағы жобаларды басқару институты
«5В051000 – Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының 4
курс студенттері Жумадилла Қасымхан, Ниязхан Бектурхандардың
«Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетіктерін қолдану негізінде қалада
көшені жарықтандыру торабын салу» тақырыбына жазылған дипломдық
жобаға

ПІКІР

Мемлекеттік саясаттың энергия үнемдеу және тиімділігін арттыру саласындағы басты мақсаты – тұтынушылардың энергия ресурстарын ұқыпты және мұқият пайдаланудағы мүдделерін арттыру. Қаланың жақсы жарықтандырылған орта болғаны өте маңызды. Өйткені, көше жарығы кез-келген қаланың бет-бейнесі болып саналады. Кешкі уақытта шамдар қаланың келбетін әсемді үйлесім мен әрі эстетикалық тұрғыдан толықтырып, қала тұрғындары мен қонақтарының көзін қуантып қана қоймай, көрікті көркем жерлерді әрлеп қаланың мерекелік көңіл-күйін ерекшелеп көрсетуі тиіс. Екінші жағынан ыңғайлы жарық ортасын құру үшін жарықтандыру технологиясы қатаң талаптарға сай болуы керек.

Міне, осы тұрғыдан алғанда авторлардың таңдап алған тақырыбы өзекті деп есептеймін.

Дипломдық жоба кіріспе, үш тараудан, қорытынды және пайдаланылған әдебиет тізімінен тұрады.

Жұмыстың алғашқы бөлімінде, Қоғамдық игіліктер және олардың ұсынысын қамтамасыз етуде мемлекеттің рөлі, Халықты қоғамдық игіліктермен қамтамасыз етуде мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін қолдану негіздері зерделеу жасалған, әдістері мен нысандарын жетілдірудің мақсаттары мен бағыттары ерекшеліктерін жіктеп көрсеткен.

Екінші бөлімде Ауданда көшені жарықтандыру жұмыстарын жүргізу көрсеткіштерінің серпіні, Көшені жарықтандыру торабын салу жобасы, мұндағы қала көшелерін жарықтандыру және оның қазіргі жағдайын талдау жасалған.

Үшінші бөлімде Қоғамдық игіліктер және олардың ұсынысын қамтамасыз етуде мемлекеттік-жекешелік әріптестікті пайдалануды жетілдіру бағыттары көрсетілген.

Жумадилла Қасымхан, Ниязхан Бектурхандардың дипломдық жобасы өзіне қойылған талаптарды толық орындаған және тақырыпқа сай жазылған деп келе, дипломдық жобаны Мемлекеттік аттестациялық комиссияның алдына қорғауға жіберуге болады деп есептеймін.

Пікір беруші, Ғылыми жетекші

«Бизнес және менеджмент» кафедрасының
э.ғ.к., доцент, ХАА академигі



К.К.Примжарова

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті,
Э.А.Түркебаев атындағы жобаларды басқару институты
«5B051000 – Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының 4
курс студенттері Жумадилла Қасымхан, Ниязхан Бектурхандардың
«Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетіктерін қолдану негізінде қалада
көшені жарықтандыру торабын салу» атты тақырыбына жазылған
дипломдық жобаға

СЫН-ПІКІР

Қазақстанның қазіргі экономикалық және саяси дамуы тек ұлттың ғасырлық тәжірибесі ғана емес, сондай-ақ халықаралық саяси және экономикалық үрдістердің әсерімен де айқындалады. Елімізде 2015 жылдың 31 қазанында «Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік туралы» заң қабылданды. Заң мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларын іске асырудағы халықаралық тәжірибеге негізделген, соның ішінде шетелдік инвесторларға арналған мемлекеттік қолдаудың кең ауқымды саласына дәйектеледі. Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында бюджеттік шығыстарды «жеңілдету» үшін мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетіктерін белсенді қолдану қажет екенін оқшаулап айтты. Бұл әріптестік экономиканың мемлекеттік секторын қаржыландыру мақсатында жеке бизнес-ресурстарды және капиталдарды тарту, инфрақұрылымды дамытудың ірі жобаларын іске асыру, жоғары технологияларды енгізу үшін нарық экономикасын дамытудың тиімді механизмдерінің бірі болып табылады.

Міне, осы тұрғыдан алғанда авторлардың таңдап алған тақырыбы өзекті деп есептеймін.

Дипломдық жоба кіріспе, үш тараудан, қорытынды және пайдаланылған әдебиет тізімінен тұрады.

Жұмыстың алғашқы бөлімінде, Қоғамдық игіліктер және олардың ұсынысын қамтамасыз етуде мемлекеттің рөлі, Халықты қоғамдық игіліктермен

қамтамасыз етуде мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін қолдану негіздері зерделеу жасалған, әдістері мен нысандарын жетілдірудің мақсаттары мен бағыттары ерекшеліктерін жіктеп көрсеткен.

Екінші бөлімде Ауданда көшені жарықтандыру жұмыстарын жүргізу көрсеткіштерінің серпіні, Көшені жарықтандыру торабын салу жобасы, мұндағы қала көшелерін жарықтандыру және оның қазіргі жағдайын талдау жасалған.

Үшінші бөлімде Қоғамдық игіліктер және олардың ұсынысын қамтамасыз етуде мемлекеттік-жекешелік әріптестікті пайдалануды жетілдіру бағыттары көрсетілген.

Алайда дипломдық жобада кездесетін қателіктерді айта кетсек, қала көшелерін жарықтандыру және оның қазіргі жағдайы бөлімінде шет мемлекеттерден мысал келтірілмеген, бірақ бұл дипломдық жобаның өзектілігін кемсітпейді, дегенмен оны атап өткенді жөн көрдім.

Қорыта келе 4 курс студенттері Жумадилла Қасымхан, Ниязхан Бектурхандардың дипломдық жобасы өзіне қойылған талаптарды толық қанағаттандырады және «В-85 жақсы» деген бағаға лайық деп есептей келе оларға, яғни Жумадилла Қасымханға, Ниязхан Бектурханға «5В051000 – Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша «бакалавр» академиялық дәрежесін беруге болады деп есептеймін.

Сын-пікір беруші:

«Мемлекеттік басқару» кафедрасының

PhD, доценті

Нархоз Университеті



А.Н.Жанбырбаева



Университет:	Satbayev University
Название:	Касымхан көшені жарықтандыру торабын салу NP.doc
Автор:	Ниязхан Бектұрхан Жумадила Касымхан
Координатор:	Жанат Султанбекова
Дата отчета:	2019-05-06 15:33:01
Коэффициент подобия № 1:	7,2%
Коэффициент подобия № 2:	4,6%
Длина фразы для коэффициента подобия № 2:	25
Количество слов:	13 708
Число знаков:	116 785
Адреса пропущенные при проверке:	
Количество завершённых проверок:	61



К вашему сведению, некоторые слова в этом документе содержат буквы из других алфавитов. Возможно - это попытка скрыть позаимствованный текст. Документ был проверен путем замещения этих букв латинским эквивалентом. Пожалуйста, уделите особое внимание этим частям отчета. Они выделены соответственно.
Количество выделенных слов 6



Самые длинные фрагменты, определенные, как подобные

№	Название, имя автора или адрес гиперссылки (Название базы данных)	Автор	Количество одинаковых слов
1	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін қолдану негізінде қалада көшені жарықтандыру торабын салу NARXOZ (NEU) (Кафедра Государственное управление)	Бұқарбаева А.Ш., Шазінда Ә.С., Сванкул А.Н.	288
2	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін қолдану негізінде қалада көшені жарықтандыру торабын салу NARXOZ (NEU) (Кафедра Государственное управление)	Бұқарбаева А.Ш., Шазінда Ә.С., Сванкул А.Н.	98
3	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін қолдану негізінде қалада көшені жарықтандыру торабын салу NARXOZ (NEU) (Кафедра Государственное управление)	Бұқарбаева А.Ш., Шазінда Ә.С., Сванкул А.Н.	56
4	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін қолдану негізінде қалада көшені жарықтандыру торабын салу NARXOZ (NEU) (Кафедра Государственное управление)	Бұқарбаева А.Ш., Шазінда Ә.С., Сванкул А.Н.	52
5	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін қолдану негізінде қалада көшені жарықтандыру торабын салу NARXOZ (NEU) (Кафедра Государственное управление)	Бұқарбаева А.Ш., Шазінда Ә.С., Сванкул А.Н.	46
6	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін қолдану негізінде қалада көшені жарықтандыру торабын салу NARXOZ (NEU) (Кафедра Государственное управление)	Бұқарбаева А.Ш., Шазінда Ә.С., Сванкул А.Н.	46
7	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін қолдану негізінде қалада көшені жарықтандыру торабын салу NARXOZ (NEU) (Кафедра Государственное управление)	Бұқарбаева А.Ш., Шазінда Ә.С., Сванкул А.Н.	39

	торабын салу <i>NARXOZ (NEU) (Кафедра Государственное управление)</i>	Ә.С., Сванкул А.Н.	
8	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін қолдану негізінде қалада көшені жарықтандыру торабын салу <i>NARXOZ (NEU) (Кафедра Государственное управление)</i>	Бұқарбаева А.Ш., Шазінда Ә.С., Сванкул А.Н.	17
9	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін қолдану негізінде қалада көшені жарықтандыру торабын салу <i>NARXOZ (NEU) (Кафедра Государственное управление)</i>	Бұқарбаева А.Ш., Шазінда Ә.С., Сванкул А.Н.	15
10	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін қолдану негізінде қалада көшені жарықтандыру торабын салу <i>NARXOZ (NEU) (Кафедра Государственное управление)</i>	Бұқарбаева А.Ш., Шазінда Ә.С., Сванкул А.Н.	15

>>

Документы, в которых найдено подобные фрагменты: из RefBooks



Не обнаружено каких-либо

заимствований

>>

Документы, содержащие подобные фрагменты: Из домашней базы данных

Документы, выделенные жирным шрифтом, содержат фрагменты потенциального плагиата, то есть превышающие лимит в длине коэффициента подобия № 2

№	Название (Название базы данных)	Автор	Количество одинаковых слов (количество фрагментов)
1	Орынбасар Санжар Айбекұлы <i>Satbayev University (И_И_В_Т)</i>	Денді дақылдарды пайдалану арқылы мұнай мен мұнай өнімдерінің тегілулерін утилизациялау технологиясын жасау	12 (1)

>>

Документы, содержащие подобные фрагменты: Из внешних баз данных

Документы, выделенные жирным шрифтом, содержат фрагменты потенциального плагиата, то есть превышающие лимит в длине коэффициента подобия № 2

№	Название (Название базы данных)	Автор	Количество одинаковых слов (количество фрагментов)
1	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін қолдану негізінде қалада көшені жарықтандыру торабын салу <i>NARXOZ (NEU) (Кафедра Государственное управление)</i>	Бұқарбаева А.Ш., Шазінда Ә.С., Сванкул А.Н.	964 (48)

>>

Документы, содержащие подобные фрагменты: Из интернета

Документы, выделенные жирным шрифтом, содержат фрагменты потенциального плагиата, то есть превышающие лимит в длине коэффициента подобия № 2

№	Источник гиперссылки	Количество одинаковых слов (количество фрагментов)
1	URL_ https://satbayev.university/kk/news/eaturkebaev-atyndaqy-zhobalardy-baskaru-institutynyn-studentteri-kr-bgm-nin-ii-darezhele-diplomymen-marapattaldy	6 (1)

АНДАТПА

Біздің жұмысымыздың мақсаты – қоғамдық игіліктер және олардың ұсынысын қамтамасыз етуде мемлекеттің рөлін айқындау, мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін қолдануды жетілдіру жолдарын негіздеу және көшені жарықтандыру торабын салу жобасын ұсыну негізінде көшелердегі жарықтандыру құралдарын қуаттылықты реттеуіштермен жабдықтау арқылы көшені жарықтандырудың тиімділігін қамтамасыз ету, жарықтандыруға жұмсалатын эксплуатациялық шығындарды азайту.

АННОТАЦИЯ

Цель нашей работы-определение роли государства в обеспечении общественного благополучия и их предложения, обоснование путей совершенствования применения механизмов государственно-частного партнерства и предоставление проекта строительства сети уличного освещения, обеспечение эффективности уличного освещения путем оснащения регуляторами мощности осветительных приборов на улицах, снижение эксплуатационных затрат на освещение.

ABSTRACT

The purpose of our work is to determine the role of the state in ensuring public welfare and their proposals, to substantiate ways to improve the use of public-private partnership mechanisms and to provide a project for the construction of a street lighting network, to ensure the efficiency of street lighting by equipping the power regulators of lighting on the streets, to reduce operating costs for lighting.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1 ҚОҒАМДЫҚ ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ӨНДІРСІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕШЕЛІК ӘРІПТЕСТІКТІ ПАЙДАЛАНУ НЕГІЗДЕРІ	5
1.1 Қоғамдық игіліктер және олардың ұсынысын қамтамасыз етуде мемлекеттің рөлі	5
1.2 Халықты қоғамдық игіліктермен қамтамасыз етуде мемлекеттік- жекешелік әріптестік тетіктерін қолдану негіздері	8
2 ҚАЛА КӨШЕЛЕРІН ЖАРЫҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ	14
2.1 Ауданда көшені жарықтандыру жұмыстарын жүргізу көрсеткіштерінің серпіні	14
2.2 Көшені жарықтандыру торабын салу жобасы	17
3 ХАЛЫҚТЫ ҚОҒАМДЫҚ ИГІЛІКТЕРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕШЕЛІК ӘРІПТЕСТІК ТЕТІКТЕРІН ҚОЛДАНУДЫ ЖЕТІЛДІРУ	27
3.1 Қоғамдық игіліктер және олардың ұсынысын қамтамасыз етуде мемлекеттік-жекешелік әріптестікті пайдалануды жетілдіру бағыттары	27
ҚОРЫТЫНДЫ	32
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	35

КІРІСПЕ

Тақырыптың өзектілігі. Қазақстанның қазіргі экономикалық және саяси дамуы тек ұлттың ғасырлық тәжірибесі ғана емес, сондай-ақ халықаралық саяси және экономикалық үрдістердің әсерімен де айқындалады. Елімізде 2015 жылдың 31 қазанында «Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік туралы» заң қабылданды. Заң мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларын іске асырудағы халықаралық тәжірибеге негізделген, соның ішінде шетелдік инвесторларға арналған мемлекеттік қолдаудың кең ауқымды саласына дәйектеледі. Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында бюджеттік шығыстарды «жеңілдету» үшін мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетіктерін белсенді қолдану қажет екенін оқшаулап айтты [1]. Бұл әріптестік экономиканың мемлекеттік секторын қаржыландыру мақсатында жеке бизнес-ресурстарды және капиталдарды тарту, инфрақұрылымды дамытудың ірі жобаларын іске асыру, жоғары технологияларды енгізу үшін нарық экономикасын дамытудың тиімді механизмдерінің бірі болып табылады.

Мемлекеттік саясаттың энергия үнемдеу және тиімділігін арттыру саласындағы басты мақсаты – тұтынушылардың энергия ресурстарын ұқыпты және мұқият пайдаланудағы мүдделерін арттыру. Қаланың жақсы жарықтандырылған орта болғаны өте маңызды. Өйткені, көше жарығы кез-келген қаланың бет-бейнесі болып саналады. Кешкі уақытта шамдар қаланың келбетін әсемді үйлесім мен әрі эстетикалық тұрғыдан толықтырып, қала тұрғындары мен қонақтарының көзін қуантып қана қоймай, көрікті көркем жерлерді әрлеп қаланың мерекелік көңіл-күйін ерекшелеп көрсетуі тиіс. Екінші жағынан ыңғайлы жарық ортасын құру үшін жарықтандыру технологиясы қатаң талаптарға сай болуы керек.

Қазіргі таңда Қазақстан қалаларында көше жарықтарына байланысты орын алып жатқан мәселелер көп. Атап айтқанда:

- жарықтандыру қондырғыларының нашарлауы;
- қала жолдары талаптарға сай жарықтандырылмауы. Бұл жағдай қауіпсіздік стандарттарына келмейді;
- энергия үнемдеудің тиімді болмауы;
- қондырғыны жөндеудің қымбат болуы және пайдалану кезіндегі басқа да шығындар т.б.

Біздің жұмысымыздың мақсаты – қоғамдық игіліктер және олардың ұсынысын қамтамасыз етуде мемлекеттің рөлін айқындау, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктерін қолдануды жетілдіру жолдарын негіздеу және көшені жарықтандыру торабын салу жобасын ұсыну негізінде көшелердегі жарықтандыру құралдарын қуаттылықты реттеу іштермен жабдықтау арқылы көшені жарықтандырудың тиімділігін қамтамасыз ету, жарықтандыруға жұмсалатын эксплуатациялық шығындарды азайту.

Бұл мәселені шешу үшін келесі міндеттерді анықтады:

- қоғамдық тауарлардың мәнін, қасиеттерін, түрлерін қарастыру;

-қоғамдық тауарларға деген сұранысты қалыптастырудың ерекшеліктерін зерттеу, сондай-ақ олардың тиімді жеткізілімін қарау;

-қоғамдық игіліктер өндірісінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті пайдалану тетіктерін жетілдіру;

-Медеу ауданына қарасты көшелерде сыртқы жарықтандыру жүйесінің ағымдағы серпініне шолу жасау;

-көше жарықтандырудың заманауи түрлерін талдау;

-қала көшелерінде жарықтандыру жүйесінің сапасын арттыру мен жетілдіру негізінде ұсыныстар беру.

Жобаның тиімділігі:

-шамдарды қашықтықтан басқаруға мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтамасыз ету, сондай-ақ әр шамның күйі туралы ақпарат;

-өткен жылдармен салыстырғанда энергияны үнемдеуді 38%-ға арттыру;

-қашықтықтан мониторинг және бақылау жүргізу арқылы операциялық шығындарды төмендету;

-гаджеттердің көмегімен жарықтандыруды онлайн түрінде қашықтықтан басқару.

Жобаның нысаны. Медеу ауданына қарасты Сахариев көшесіне жарықтандыру торабын орнату, ал зерттеу пәні – мемлекеттік-жекеменшік серіктестік негізінде сыртқы жарықтандыру жүйесін жаңарту.

Жобаның құрылымы: Дипломдық жоба 35 беттен, 8 суреттен, 10 кестеден және үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде, қоғамдық игіліктер түсінігінің теориялық негіздері қарастырылды, сондай-ақ оларды өндіруде мемлекеттің қатысу формалары зерттелді. Екінші бөлімде, қала көшелерінде сыртқы жарықтандыру жүйесінің ағымдағы жағдайына талдау жасалды.

Жобамыздың зерттеу объектісіне Алматы қаласы Медеу ауданы Сахариев көшесі таңдап алынды. Үшінші бөлімде, мемлекеттік-жекеменшік серіктестік көмегімен инфрақұрылымдық жобаны жүзеге асырылу жолдары қарастырылды. МЖӘ формасының түрлері, тәуекелдері талқыланды. МЖӘ дамытуға авторлық ұсыныстар жасалды.

1 ҚОҒАМДЫҚ ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ӨНДІРСІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕШЕЛІК ӘРШТЕСТІКТІ ПАЙДАЛАНУ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Қоғамдық игіліктер және олардың ұсынысын қамтамасыз етуде мемлекеттің рөлі

Қазіргі таңда халықтың экономикалық және әлеуметтік-саяси өміріндегі қоғамдық тауарлардың рөлі маңызды орындарға ие. Өйткені, халыққа ұсынылатын қоғамдық тауарлардың сапасы мен саны мемлекеттің әл-ауқатын анықтайтын негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Ғылыми немесе теориялық әдебиеттерде «қоғамдық игіліктер» туралы нақты анықтамалар жоқ. «Қоғамдық игілік» ұғымын 1954 жылы танымал американдық экономист Пол Энтони Самуэльсон енгізді. Ол қоғамдық игіліктер жүйесін, экономикадағы қоғамдық сектор қалыптасатын институт ретінде қарастырды. Кейінірек бұл тұжырымдаманы П. Самуэльсонның ізбасарлары: М. Олсон, Р. Масгрейв әзірледі [2, 185б].

Барлық тауарлар тұтыну сипаттарына қарай жеке және қоғамдық деп бөлінеді. Бұл теорияны А. Пигудың «Әлеуметтік қамсыздандыру» атты еңбегінен көруге болады. Бұл жұмыс барысында автор жеке және қоғамдық игіліктердің артықшылықтарын айқын бөліп қарастырады. Жеке игіліктер – бір субъекті тұтынатын игілікті екінші тұтынушы қолдана алмайды. Ал, қоғамдық тауарлар мемлекеттік сектордың бір бөлігі, ол өңірлердің тұрғындарын объективті өмірлік маңызды қызметтер жиынтығымен қамтамасыз етеді, бірақ бірқатар себептер бойынша тиісті сапада және мөлшерде нарықтық тетіктерді пайдалана алмайды. Мәселен, елді мекендермен қалалардағы абақтандыру объектілерінің құрылысы, өңірлерді көгалдандыру, көше жарығы, жаяу жүргіншілерге арналған жолды және басқа қолайлылықтарды ұстау, көшелердегі қауіпсіздік ережелерін сақтау, мемлекетті сыртқы қол сұғушылықтардан алдын-алу және қорғау, мемлекеттік басқару қызметтері және т.б.

Қоғамдық игіліктерді айқындауда нақты анықтама болмағандықтан, ғалымдар бұл терминді вариациялармен пайдаланады. Экономикалық ғылымда қоғамдық тауарларды өндірумен байланысты мәселелер жиі зерттеледі. Бірақ қоғамдық тауарларды өндіру процесін зерттеуге нақты материалдар оқу әдебиеттерінде ұсынылмаған, осы тақырып бойынша монографиялар мен ғылыми мақалалар жеткіліксіз және кейбір деректер біріктірілмейді. Сондықтан, қоғамдық тауарларды өндіру процесіне қатысты ең көп таралған ұстанымды анықтау керек. Аталмыш теорияны зерттеумен айналысатын көптеген авторлар үшін ортақ мынадай негізгі ұстанымдарды белгілеп көрсетуге болады:

-Қоғамдық тауарлар – қоғам қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін экономиканың әр түрлі салаларында өндірілетін тауарлар ұсынатын қызметтер.

-Қоғамдық тауарларды өндіру көзі – бұл жеке және заңды тұлғалардың салық шегерімдерінен алынатын мемлекеттің қаржы ресурстары.

-Тауарлардың жекелеген түрлерін өндіру және сату экономиканың жеке секторында жүзеге асырылады және нарық механизмі арқылы реттеледі[2, 1986].

Қоғамдық тауарлар төмендегі қасиеттерімен ерекшеленеді:

- қоғамның барлық мүшелері еркін тұтынады, бірақ жеке пайдаланылмайды;
- халыққа мемлекеттің қаржы ресурстар есебінен ұсынылады;
- жеке индивидтерге ғана емес, бүкіл халыққа қажет;
- бәсекелестерсіз тұтыну;
- игіліктер бөлінбейді және оған қолжетімділік индивидтердің немесе әлеуметтік топтардың мүдделеріне тәуелді болмайды;
- қоғамдық тауарлардың құны еркін нарықтың және бәсекелестіктің заңдарына тәуелді болмағандықтан, ол нарықтық сипатқа ие емес.

Қоғамдық игіліктердің типологиясы экономикалық әдебиеттерде өзіндік сипаттамалық белгілеріне қарай үш көзқарасқа жіктеледі. 1)Қоғамдық игіліктердің қосылыссыздығы (У.Николсон); 2)Тұтытуда бәсекеге қабілетсіздігі (П. Самуэльсон, Х. Розен, Дж. Хиршлейфер, А. Глэйзер); 3) Екі сипаттамасы да қоғамдық игілікке тән, екеуі де маңызды (Дж. Стиглиц, Хэл Р. Варьян) [3].

Біз білетініміздей, қоғамдық игіліктердің көбі аралас сипатта келеді, сондықтан «таза қоғамдық игіліктер» өте сирек кездеседі. Қоғамда екі сипаттамасы да қоғамдық игілікке тән аралас тауарлар жиі кездеседі. Мұндай тауарлардың тек екі санаты ғана бөлінеді: шамадан тыс жүктелетін және алынып тасталынатын. Жобалық жұмысымыздың бұл бөлімі теориялық сипатта болғандықтан, таза қоғамдық игіліктердің өндірісіне көп көңіл бөлуіміз қажет. Таза игіліктер – тұтынуға қол жетімді және өз иесі ғана пайда әкелетін игіліктер. Бұндай игіліктер жоғарыда айтылған қасиеттерге тән. Оларға ұлттық қорғаныс, қоршаған ортаны қорғау, іргелі ғылым, заңнама жатады.

Қоғамдық игіліктердің басқа тауар түрлерінен ажырататын маңызды екі сипаттамалық белгілері бар. Олар:

-Бәсекеге қабілетсіз болуы. Тауарларды тұтыну кезінде бәсекелестіктің жоқтығы, себебі қоғамдық игіліктерді пайдаланатын адамдар санынан игіліктің құндылық сипаттамалары өз маңыздылығын жоғалтпайды.

-Қосылыссыздығы. Жеке тұлға өз бетінше игіліктің өндіріс көлемін басқаруға құқығы жоқ. Мысалы, көше жарығы нақты адамның өтініші бойынша белгілі бір уақытта қосылмайды және өшірілмейді. Ол осы игілікті тек қана қолдана алады [4, 1236].

Осы сипаттамалық белгілерін ескере отырып, қоғамдық игіліктер өндіруде орын алатын екі мәселені қарастырамыз. Біріншісі, тұтынушылар қоғамдық тауарлардың шығындарын өтелу не өтелмеуіне қарамастан, таза қоғамдық игіліктен өз үлестерін алып маржиналдық қызметтен аз үлесуге тырысады. Осы жерден нарықтың дәрменсіздігін көруге болады. Екіншісі, қоғамдық игіліктерді пайдалануға беруде «билетсіздік» мәселесі көп кездеседі. Бұл мәселенің мәні: тұтынушылар қоғамдық игіліктер өндірісіне кететін шығындарды азайтуға әрекет жасайды немесе оны қаржыландырудан

бас тартады. «Билетсіз» яғни, басқаның есебіннен пайда табу үшін игілікті тұтынадан алынатын үлесті азайтып, қоғамдық игіліктің құнын төмендетеді.

I. Қоғамдық тауарларды тұтыну негізіне қарай игіліктер мынадай түрлерге бөлінеді:

1) халықаралық қоғамдық тауарлар (ғылыми-техникалық зерттеулер мен әзірлемелер, экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған қызмет, халықаралық валюта жүйесі);

2) бір мемлекеттің аумағында (армия, флот, мемлекеттік органдардың қызметі, білім беру) белгілі бір ұлттық экономиканың шекарасында өндірілетін және тұтынылатын ұлттық қоғамдық тауарлар;

3) жергілікті қоғамдық тауарлар (концерттер, театрлар, қалалық саябақтар).

II. Қоғамдық игіліктер таралу ауқымы бойынша келесі түрлерге жіктеледі:

1) жалпы мемлекеттік қоғамдық игіліктер;

2) жергілікті қоғамдық тауарлар. Бұл аймақтық тұрғындарға негізделеді.

Мысалы, олар қалалық парктерді, қалалық жарықтандыруды қамтиды.



1 сурет – Қоғамдық игіліктер секторының құрылымы
Ескерту: [5] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Қоғамдық тауарлар секторы – қоғам үшін көптеген қоғамдық маңызы бар тауарларды қамтитын ауқымды институционалды құрылым. Бұл құрылым А. Рубенштейннің зерттеу теориясының негізінде құрылған. Қоғамдық тауарлардың мұндай топтамасы нарықтағы жиі кездесетін жағдайларға негізделген. Бұл жағдай тауарлар өндірісі мен қызметтер ұсынысында мемлекеттің тікелей қатысу рөлін айқындайды (1-сурет).

Ең алдымен, қоғамдық тауарларды өндіру үдерісінде мемлекеттің рөлі туралы айту керек. Өйткені қоғамдық тауарларды ұсынуда және олардың тиімді көлемін қамтамасыз етуде жауапты болып келетін бұл – мемлекет. Жобаны

зерттеуде басты қызығушылық тудыратын бұл қоғамдық игіліктерді өндірудегі процесс емес, сол өндіріс барысында туындайтын мәселелер. Бірақ, осы мәселелерді жақсы түсіну үшін мемлекеттік тауарлардың өндірісін, мемлекеттің оған қатысатын рөлін, сондай-ақ оған әсер ететін факторларды білуіміз керек.

Қоғамдық тауарларды өндіруде мемлекет әртүрлі формада қатыса алады:

-тауарларды тікелей өндіру;

- жекеменшік сектордың көмегімен қоғамдық тауарлардың өндірісін қаржыландыру.

Бұл екі жағдайда таза мемлекеттік тауарларды өндіру мемлекеттік бюджеттен (яғни азаматтардың салықтары) қаржыландырылады.

Қорыта келе, қоғамдық тауарларды өндіруді қамтамасыз ету – кез-келген мемлекеттің бірінші функциясы. Осыған байланысты экономиканың қоғамдық игіліктер секторының тиімділігін арттыру үшін бюджет процесін реформалауды талап ететін осы тауарларды өндірушілер мен тұтынушылардың мүдделері арасындағы теңгерімге қол жеткізу қажет. Халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру процесінде қоғамдық тауарлар маңызды рөл атқарады. Мемлекет қоғамдық тауарларды дамытуға және халықты жоғары деңгейде қамтамасыз етуге, қоғамдық тауарларды қаржыландыруға байланысты мәселелерді шешуге көп көңіл бөлуі керек.

1.2 Халықты қоғамдық игіліктермен қамтамасыз етуде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктерін қолдану негіздері

Мемлекеттік- жекеменшік серіктестік (бұдан әрі МЖӘ) қоғамдық игіліктерді бірлесіп қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік (муниципалдық) органдар мен жеке меншік сектор арасындағы өзара іс-қимылдың ортақ нысаны болып табылады.

МЖӘ негізгі мақсаты - әр тараптың ресурстары мен тәжірибесін біріктіру, әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асыру, ең аз қауіп-қатерлермен қамтамасыз ету, шаруашылық жүргізуші субъектілерге жоғары сапалы қызмет көрсету арқылы инфрақұрылымды дамыту. Ағымдағы уақытта нарықтың экономикалық жүйесін гуманизациялау мен әлеуметтендірудің арқасында қоғамдық игіліктерді көбейту тетіктері жетілдірілуде. Бірақ, қоғамдық тауарларға деген сұраныс пен оларды өндірудің нақты мүмкіндіктері арасындағы қиындықтарды жоюға сыртқы бюджет ресурстарының тапшылығы кедергі болып отыр. Сондықтан, қоғамдық тауарларды көбейту үдерісінде мемлекеттік- жекеменшік әріптестік институтын пайдалану осы қарама-қайшылықтарды ішінара шешуге бағытталады. Демек, осы жерде ұлттық экономикадағы мемлекеттік- жекеменшік әріптестік институтын дамытуға ықпал ететін факторларды бағалау қажеттілігі туындайды.

Бүгінгі таңда, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды жаңарту, тұрғын үй- коммуналдық шаруашылықты жаңғырту, жол желісін дамыту мәселелерін шешуді тек қана мемлекеттік бюджет негізінде жүзеге асыру

мүмкін емес. Бұл жерде міндетті түрде жеке меншік қаржыландыру болуы қажет. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, МЖӘ механизмдері мемлекеттік инфрақұрылымдарды дамыту және оларды басқару үшін, жеке компанияларды тарту үшін кеңінен қолданылады.

Теориялық және әдістемелік деңгейде МЖӘ институтын қоғамдық тауарларды өндіруде пайдаланудың негізгі критерийлері мынадай:

- мемлекет пен жеке сектор арасындағы ынтымақтастықтың түрлерін және формаларының артықшылықтарын айқындауға ықпал ететін экономикалық қызметтің түрі;

- қоғамдық тауарлардың меншік құқығының өзектілігі нақты шарттардың қолайлығын және қажетті әлеуметтік-экономикалық нәтижеге қол жеткізуге болатындығын айқындайды;

- қоғамның өмір сүру сапасының жақсаруы, қоғамға қажетті салаларда МЖӘ-ны енгізу қажеттілігін көрсетеді;

- жобаны жүзеге асырудың басымдылығы ол инновациялық сипаттағы қоғамдық тауарларды өндірудің немесе жобаның жекелеген және әлеуметтік маңызды мақсаттарға жетуінің маңыздылығын анықтайды[6].

Осыған орай, қоғамдық тауарларды көбейту процестерінде МЖӘ институтын пайдаланудың өзіндік ерекшеліктері бар. Қоғамдық тауарларды өндіру процессінің күрделілігі, ол әлеуметтік және экономикалық нәтижелерге қол жеткізу үшін осы саладағы инновацияларды енгізу бойынша бірлескен күш-жігерді пайдалануды талап етеді. Атап айтқанда, мемлекеттік және жекеменшік тараптар арасында тәуекелдерді әділ бөлуді көздейтін өзара іс-қимылдың жаңа формалары мен тетіктері «жаңа буын» келісімшарттарын, сондай-ақ экономиканы дамытуда оң өзгерістерге қол жеткізу үшін «жалпы технологиялық бастамаларды» қолдану қажет екендігін айқындайды.

МЖӘ жобалары – үлкен инфрақұрылымдық немесе әлеуметтік нысандарды қамтиды. Мемлекеттің де, бизнеспен де ұсынылған МЖӘ жобаларының толық тізбесі арасында көше жарықтандыру желілеріне қызмет көрсету бойынша жобалар ең перспективті болып табылады. МЖӘ жобалары қоғамдық тауарларды өндіру үшін ең алдымен инфрақұрылымды дамытудың алғышарттарын қарастырады, себебі жобаның шығындарын соңғы пайдаланушыға ауыстыру механизмін қолдануға болады. Осылайша, заңнама МЖӘ қолданудың осындай салаларын мемлекеттік инфрақұрылымды пайдалану арқылы көрсетілетін қызметтер ретінде анықтайды.

Қазіргі уақытта мемлекеттік-жекешелік әріптестік даму кезеңін 3-ке бөліп қарастыруға болады:

I кезең - дайындық: МЖӘ саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу; Заңнаманы талдау; Пилоттық жобалардың портфелін анықтау; МЖӘ қолданудың алғышарттарын талдау; Заңнаманы қалыптастыру; МЖӘ мәселелері бойынша мамандандырылған ұйымды құру.


II кезең - іске асыру: МЖӘ қолдану аясын кеңейту; Жобаны қаржыландырудың жаңа көздерін іздеу; МЖӘ кешенді жүйесін қалыптастыру; Заңнамалық кедергілерді жою;

III кезең - жетілдіру: Әдістемелік нұсқаулар мен оқу құралдарын әзірлеу; МЖӘ енгізу моделдерін жетілдіру; Жобалық қаржыландыру жүйесін әзірлеу; МЖӘ мәселелері бойынша жоғары біліктілігі бар мемлекеттік қызметкерлерді дайындау.

Бірінші кезеңде, 2008 жылы негізі қаланған «Қазақстанның мемлекеттік-жеке меншік әріптестік орталығы» МЖӘ бойынша арнайы ұйым серіктестіктердің тиімділігін қамтамасыз етуде және мемлекеттік жеке меншік серіктестер арасындағы сенім мәселесін шешуде ерекше рөл атқарады. Бұл орталық тек тақырыптық салада арнайы білімді ғана емес, сондай-ақ концессиялық жобалардың экономикалық сараптамасын жүргізу үшін институционалдық жүйенің қажетті өкілеттіктеріне ие. Бұл ұйымның негізгі мақсаты жобаларды жүзеге асыру үшін әдістемелік қолдау көрсету болып табылады. «Қазақстанның мемлекеттік-жеке меншік әріптестік орталығы» ұйымының құзыреті серіктестікті қолдаудың келесі міндеттерін шешуге мүмкіндік береді:

- мемлекеттік органдар мен жеке сектор өкілдерінің арасындағы ынтымақтастық тетіктерін пайдаланудың тиімділігін енгізу және арттыру;
- жеке және мемлекеттік секторлардың арасындағы қарым-қатынаста ашықтық тетіктерін енгізу арқылы сенім атмосферасын құру;
- шарттарды жасасу тәртібін жетілдіру, үздіксіз мониторинг жүргізу;
- МЖӘ азаматтық-құқықтық келісімшарттарының орындалуын бақылау жәнешараларды жетілдіру;
- жобаны қаржыландырудың құқықтарын, міндеттемелерін, қаржыландыру шарттарын теңгерімді бөлу және тиісті кепілдіктер беру[7].

«Концессиялар туралы» заң концессия механизмін қолдана отырып инвестициялық жобаларды іске асыруға мүмкіндік туғызады. Бұл механизм әлі күнге дейін көлік және энергетика секторларында кеңінен қолданылып келеді. Бұдан басқа концессиялық жобаларды дайындау кезінде орталық және жергілікті билік органдарына басшылық ететін нормативтік-құқықтық актілер әзірленді. Әлемдік практикаға сүйене отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі 2008 жылы концессиялық жобалардың институционалдық жүйесін және экономикалық сараптамасын нығайта отырып, концессия мәселелері бойынша мамандандырылған ұйым құрды. 2008 және 2010 жылдары мемлекеттік қолдау шараларын кеңейту және концессиялық жобалардың тартымдылығын арттыру, сондай-ақ инфрақұрылымдық облигацияларды міндетті шығаруды жою рәсімдері туралы концессияларға бірқатар өзгертулер енгізілді. Сонымен қатар, Қазақстанда жобалық қаржыландыру туралы заң әзірленді, бұл құрал халықаралық тәжірибеде МЖӘ тетігін қолданумен күрделі жобаларды іске асыруда кеңінен қолданылады. Қазақстан Республикасында мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамыту бойынша 2011-2015 жылдарға арналған мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамыту бағдарламасының жобасы әзірленді[8]. Ол Қазақстанда мемлекеттік-жеке меншік серіктестік механизмдерін қолданумен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін заңнамалық және институционалдық негіздерді құру болып табылады.



2 сурет – Мемлекеттік жеке меншік әріптестік жобасының қатысушылары
Ескерту: [9] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Жоғарыдағы суретте, МЖӘ механизмі бойынша жобада қатысатын қатысушылардың жобалық компаниямен негізгі қарым-қатынастары көрсетілген. Қатысушылар тізімі жобаның ерекшелігіне қарай әртүрлі болуы мүмкін. Өнімді сатып алушы жобалық компания мен несие ұйымдары үшін нарықтық тәуекелдерді болдырмау мақсатында жоба шеңберінде өндірілетін өнімдерді (қызметтерді) сатып алуға міндеттенеді. Жеткізушілердің рөлі жобаны іске асыру үшін шикізат пен материалдарды жеткізуге жауап береді. Жобаны пайдалану және техникалық қызмет көрсету бойынша тәуекелдерді оператор жүктейді. Оператордың жауапкершілігі құрылыс кезеңі аяқталған сәттен бастап жобаның аяғына дейін туындайды. Оператор шикізат пен материалдарды жеткізуді, сынауды, бақылауды, объектіні тиімді пайдалануды басқарады.

1 кесте – Мемлекеттік сатып алулар мен МЖӘ арасындағы негізгі айырмашылықтар

Критерийлері	Мемлекеттік сатып алулар	МЖӘ
1	2	3
Келісімшарттың мерзімі	Қысқа мерзімді келісімшарт, көп жағдайда екі жақтың міндеттемелері құрылыс объектісі аяқталғанда бітеді	Ұзақ және орта мерзімді келісімшарт (3-30 жж.)

1 кестенің жалғасы

1	2	3
Құрылыстың салыну мерзімі	Уақытында аяқталмайды	Құрылыстың мерзімі шартты түрде келісімшартта көрсетіледі, уақытылы орындалмаған жағдайда айыппұл төленеді
Қаржыландыру көзі	Мемлекеттік бюджет	Тендер өткізу негізінде, гранттар ұсынысы арқылы инвесторларды тарту немесе мемлекетпен бірлесіп қаржыландыру
Пайдалану жауапкершілігі	Мемлекеттік серіктес	Жеке меншік серіктес
Жеңімпазды таңдау шарттары	Ең төмен бағалық көрсеткішті ұсынған делдал	Мына критерийлер ескеріледі: Жобаларды жүзеге асудағы тәжірибесі; Құрылыстың орындалу мерзімі
Тәуекелдерді бөлу	Тәуекелдерді мемлекет көтереді	Тәуекелдерді ең аз шығынды қабылдайтын жақ басқарады
Ескерту: [9] әдебиет негізінде автормен құрастырылған		

Қоғам МЖӘ механизміндегі мемлекеттік сатыпалулармен бірдей деп есептейді. Мемлекет конкурс жариялайды, бюджет қаражатын бөледі және сайып келгенде дайын нысан алады. Жоғарыда кестеде, мемлекеттік сатып алулар мен МЖӘ арасындағы негізгі айырмашылықтар айқын көрсетілген (1-кесте).

МЖӘ мақсаты үшін өзара байланысты элементтерді қамтиды:

1) бюджеттен тыс көздерден көтерілген инфрақұрылымдық объектілерге қосымша инвестициялар арқылы өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму қарқынын жеделдете отырып, мемлекеттік сектордың қызмет көрсету сапасын арттыру;

2) ұзақ мерзімді қаржыландыруды бөлуге байланысты қысқа мерзімде бюджет қаражатын үнемдеу;

3) жеке секторды тарту арқылы бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін арттыру.

Бұдан басқа, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік нысандарын дамыту кейбір салаларға, соның ішінде: басқару мен лизингке, бірлескен қызметке, жеке меншік нысандарда енгізу жоспарланып отыр. Осындай басқару келісімшарттарын жүзеге асыру үшін «концессия объектісін басқару үшін сыйақы» атты жаңа қаржы механизмі қарастырылған. Бұл механизм мемлекеттік мүлікті жаңғырту және кейіннен басқару үшін көп

септігін тигізеді. Жобалардың ерекшеліктерін ескере отырып, әлемдік тәжірибеде қолданылатын келісімшарттардың әртүрлі түрлерін біріктіруге мүмкіндік жасау ұсынылады. Мемлекеттік- жеке меншік әріптестік жобаларының масштабы мен капиталының қарқындылығына қарай оларды іске асыруды қолдаудың деңгейлі жүйесін енгізу қарастырылып отыр. Ірі және күрделі инфрақұрылымдық жобаларды қолдау үшін МЖӘ халықаралық қаржылық ұйымдарды тартады. Аймақтық МЖӘ жобаларын іске асыру үшін отандық инвесторлардың әлеуетін кеңінен қолдану көзделуде. Осыған байланысты тиісті салалар үшін стандартталған концессиялық модельдер, келісімшарттар, қаржылық есептеулер, сондай-ақ әлеуетті инвесторлар мен мемлекеттік органдардың «жол картасы» әзірленді.

Қорыта келе, Қазақстанда мемлекеттік- жеке меншік әріптестік мүмкіндіктерін зерттеу және қолдану тәжірибесі жеткіліксіз. Қолданыстағы заңнама қолайлы серіктестік нысандарын пайдаланудың бірнеше мысалын ғана таңдауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты мемлекеттік- жеке меншік әріптестікті дамыту мәселесі өзекті болып отыр. Бұл серіктестік тетіктерін пайдалану – перспективалық инновациялық нысандар мен әріптестік механизмдерін дамыту, мемлекеттік- жеке меншік әріптестікті қолдануды реттейтін реттеуші және нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру, МЖӘ негізінде жобаларды дайындау және іске асыру, МЖӘ саласында мамандарды даярлау және біліктілігін арттыру. Осылайша, бұл әріптестіктің маңыздылығы ұлттық жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыруда, сондай-ақ Қазақстан экономикасын индустриялық- инновациялық даму түріне көшіруге жәрдемдесуде, инновациялық қызметті арттыруда маңыздылығы өте зор деп ойлаймын.

2ҚАЛА КӨШЕЛЕРІН ЖАРЫҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

2.1 Ауданда көшені жарықтандыру жұмыстарын жүргізу көрсеткіштерінің серпіні


Көше жарықтары қала инфрақұрылымында маңызды рөл атқарады. Сыртқы жарықтандыру мәселесі назар аударарлық нысандардың бірі. Өйткені, әлемнің кез-келген қаласындағы электр жарығы өмір тіршілігін қолдаудың ажырамас бөлігі болып табылады.

Халықаралық энергетикалық агенттіктің хабарлауынша, әлемде тұтынылатын барлық электр энергиясының 25%-ы жарықтандыруға жұмсалады. Елімізде бұл көрсеткіш әртүрлі бағалаулар бойынша шамамен 15-19% құрайды. Сыртқы жарықтандыру жүйесіне жұмсалатын шығындар маусымға байланысты өзгеріп отырады. Қыста күндізгі жарықтың қысқа мерзіміне байланысты электр қуатының құны коммуналдық қызметтер құнынан жоғары болады. Мәселен, Астана қаласында бір айда 4 млн. Квт/сағат электр энергиясы жұмсалады. МакКинсидің айтуы бойынша, қаржы шығындарының басым бөлігі жобаларды инвестициялауға емес, жарықтандыру жүйесіне кетеді екен. Көптеген қалаларда және елді-мекендерде жарықтандыру жүйесі ескірген және жаңғырту жүргізілу қажет екендігін көруге болады. Көше жарықтарын жаңғыртудың көптеген амалдары бар: қала көшелерін қарапайым шамдардан бастап жарықдиодты және күн шуағынан қуат алатын шамдардың түр-түрімен жарықтандыруға болады [10].

Жарықдиодты жарықтандыру – электр энергиясын үнемдеудің ең перспективті түрлерінің бірі болып табылады. Жарықдиодты шамдарды орнату жарық шамдары, бағдаршамдар, ұялы телефондар және көптеген басқа электрондық құрылғыларда кең қолданыс тапты. Жарықдиодты шығаратын «LED SOLUTION» компаниясы энергия үнемдеуде айтарлықтай өз үлесін қосып келеді. Осындай шамдарды көптеген дамыған елдерден табуға болады. Мысалы, көше шамдарының әсерін зерттеу АҚШ пен Еуропа елдерінде, соның ішінде Германия мен Нидерландыда жүргізілуде. Сонымен қатар, жарықдиодты шамдар кейбір әуежайлардың ұшу-қону жолақтарында сынақтан өткізіледі. Жапонияда осындай шамдардың 95% пайдаланылады. Біздің елімізде «LED» шамдармен жабдықталған ғимараттар мен көшелер бар, бірақ олар көп емес. Себебі энергия үнемдеу мәдениеті елімізде әлі де дамымаған.

Жарықдиодты шамдарды артықшылықтары – кәдімгі жарықтандыруға қарағанда тұтыну қуаттылығы төмен, яғни тоқты үш есе кем жейді, себебі бұрынғылар 220 вольтпен жұмыс істесе бұлар 12 вольтпен жұмыс жасайды. Бұл, біріншіден қауіпсіздіктің жоғары деңгейі. Екіншіден, ультракүлгін сәулесі жоқ. Ал кәдімгі ультракүлгін компоненті көз тінін зақымдауы мүмкін. Үшіншіден, шамның ұзақ мерзімді қызмет етуі. Оның қызмет мерзімі шамамен 30 жылға созылады. Төртіншіден, жоғары контрастты жарық береді және дисперсия бұрышы оңтайлы болып келеді (3-сурет). Бесіншіден, ішінде сынабы жоқ яғни табиға таза өнім болып табылады.

Жарықдиодты жарықтандыру шамдарының тиімділігін үш шамның маңызды сипаттамалырымен салыстыра отырып айқындауға болады. Қосымша бөлімде әр салыстыру параметрі үшін кесте деректеріне қысқаша талдау жасадық. Экологиялық үйлесімділік критерий бойынша жарықдиодты шамдардың қоршаған ортағы ешқандай зияндылығы жоқ. Люминесцентті лампалардың біршама кемшіліктері бар: сынап буынының деңгейлері және жарық спекторы өте жоғары, бұл өз кезегінде көздің шаршауына себеп болады. Қыздыру және гологен шамдарының спектрі жеңіл, сол себепті экологиялық таза деп бағалауға болады. Жылыту критерий бойынша, қыздырғыш шамжарықтандыру үшін қуат тұтынудың тек 25%-ын, ал жылыту үшін 70%-ын жұмсайды. Галогендік лампаның өнімділігі қанағаттанарлық деңгейде, жарықтандыру үшін шамамен 55%-ын және жылыту үшін 85%-ын жұмсайды. Энергия үнемдеудің тиімді опциясы люминесцентті шамдар жарықтандырудың шамамен 65%-ын және жылытуға 25%-ын жұмсайды. Жарықдиодты шам 95-98% жарық өткізеді және тек 2-5% жылытуға жібереді.



3 сурет –Диоттышамдарының жарықтандыру бұрышы
Ескерту:[10]әдебиет негізіндеавтормен құрастырылған

Айта кету керек, 2011 жылы Алматы қаласында жарықдиодты шамдарды жарықтандыруға арналған пилоттық жоба жүзеге асырылған болатын. Сол жылдары Алматы қаласы Медеу ауданында 1301 шамды орналастыру жоспарланған. Әкімшіліктің айтуынша, жарықдиодты шам жарықтандырудың басты артықшылығы оның экономикалық тиімділігі болып табылады. Осылайша, энергия шығыны 25%-ға, операциялық шығындар 35%-ға азайған.

Медеу ауданының көшелерінде жарықтандыру жүйесіне қатысты кең ауқымды жаңғырту басталды. Ағымдағы уақытта көше жарықтандырудың 76 мың шамы жарықдиодты шамдармен ауыстырылды(4- сурет). Бұл жобаға 34 миллион АҚШ доллар жұмсалды. Жарықдиодты шамдармен жарықтандыру энергия тұтынуды және артық шығынды 35 пайызға дейін төмендетті. Жоба аясында көшелерді жарықтандыруды бақылайтын диспетчерлік орталық құрылды. Ұялы байланыстың арқасында қызметкерлер қаладағы көше шамдарын техникалық күйін қадағалай алады, қажет болған жағдайда, оларды ажыратып немесе қуатты азайтады.



4 сурет – Медеу ауданы көшелерінің жарық диодты шамдармен жарықтандырылуы
Ескерту: автормен құрастырылған

Біз таңдаған аудан қазіргі таңда әлеуметтік-экономикалық жағынан әр салада қарқынды түрде дамып келеді. Атап айтсақ, Медеу ауданы барлық салық түсімдерінің 30%-ын, қаржы операцияларының 70%-ын және қаланың көтерме тауар айналымының бесінші бөлігін қамтамасыз етеді. Салық түсімдері облыс бойынша 10 ай ішінде өткен жылмен салыстырғанда 16,7 млрд. теңгеге өсті және 360,4 млрд. теңгені құрады.

Медеу ауданының аумағында сыртқы жарықтандырудың үзіліссіз жұмысын қамтамасыз ету үшін 13142 дана шам қызмет көрсетеді, ұзындығы 443,43 км құрайды. Жыл бойы желілер мен шамдарды басқару қызметін шкаф құрылғысы атқарады. Орнатылған шкаф саны-209 дана. Ағымдағы жылы «АлматыГорсвет» және «Казахстан электро» мердігерлері 9,8км электрлі кабельді, 18 дана электр біліктері мен 1340 астам жарықтандыру құрылғыларын ауыстырды. Бұдан басқа, «Алматы ҚалаЖарық» МКМ сыртқы жарықтандыру жүйесіне бақылау жасау нәтижесінде жалпы қаржыландыру 281 861 мың теңгені құрағанын білдік.


«Әлеуметтік жауапкершілік пен бизнес» аясында «Альтаком» ЖШС ұйымымен Фурманов пен Қалдаяқов көшелерінің аралығында Қазыбек би көшесінде 50 дана жарық диодты жарық шамдарын ауыстыру жұмыстары жүргізілді. «АБН Групп» ЖШС ұйымымен ауданның 24 көшесінде 1301 дана жарық диодты жарық шамдарын ауыстыру жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, аталған ұйыммен бұрындары «АҚЖ» АҚ линиясы бойынша электр желілерін бақылау жұмыстары жүргізілген, ауданның 45 көшесінде 34 км астам электр жерісінде 1219 дана шамдарды орнату жұмыстары жүргізілді [11].

Қорыта келе, Әкімшілік берген мәліметтерге сүйене отырып, Медеу ауданындағы көшені жарықтандыру жұмыстарын жүргізу көрсеткіштерінің серпіне шолу жасадық. Зерттеулер нәтижесінде, көптеген көшелерде ескірген және жөндеуді қажет ететін шамдардың модернизацияға мұқтаж екенін көрдік.

2.2 Көшені жарықтандыру торабын салу жобасы

Өндірістік тәжірибе өту барысында Алматы қаласы Медеу ауданының паспортымен таныстық. Бүгінде Медеу ауданы 200 мыңға жуық халқы бар. Алматы қаласының ең ірі әкімшілік, өндірістік және мәдени орталығы болып табылады. Ескі атауы Фрунзе ауданы. 1995 жылы «Медеу» деп өзгертілді. Аудан аумағында 365 көше бар, олардың ұзындығы 403,5 шаршы км құрайды. 2017 жылы сыртқы жарықтандыру жүйесінің жаңа және капиталды құрылысын қажет ететін 36 көшенін тізімін «Алматы Қала Жарық» МКМ ұсынды. Бұл көшелердің қатарыны: Абдуллиндер көшесі, Атырау-1,2,3 көшелері, Бейсеуов көшесі, Жабаев көшесі, Сахариев көшесі, Татибеков көшесі және т.б.

Біз жобамызға Сахариев көшесін таңдап алдық. Сахариев көшесіне қатысты мәліметтер: қашықтығы 1355 метр, көше бойындағы тұрғындар саны 487 адам, баспаналар саны 105.



5 сурет – Сахариев көшесі
Ескерту: автормен құрастырылған

Жоғарыдағы суретте, Сахариев көшесінің бір бөлігі ғана көрсетілген. Толық схемасы қосымша бөлімде анық көрінетін картографиясы ұсынылған. Бұл картографиядан тіреулер мен тіректердің орналасуын және ара қашықтығын анықтауға болады. Көшеге 5 түрлі тіректер орнатылады. Олар:

- 1 Бұрыштық анкерлік тірек УПЗи
- 2 Аралық тірек ПИи
- 3 Бұрыштық тірек УАЗОи (*ответственная*)
- 4 Шеткі тіреу КЗи
- 5 Бекіту түрлері: ПО-1; АО-1; К-1; АО-2

Әр тіреудің моделін қосымша бөлімненкөре аласыз. Орташа арақашықтығы 30-35 метр аралықты алып отыр, бұл арақашықтық өте қолайлы болып табылады. Өйткені, осындай ара қашықтықпен көптеген шығындарды айналып өтуге болады. Жарықтандыруымызға қазіргі заманауи жарықдиодты шамның жаңа бір моделі JERA-100B таңдап алынды. Бұл шамның өзіндік ерекшеліктерін жоғарыда айтып өттік. Ең алдымен ол 100 Вт шам болғанмен, жарық сәулесі 250 Вт жарық көлемін береді. JERA-100B шам жарығының соммалық көрсеткішін сметада көрсетілген.


5 Кесте – Шкаф құрылғысының техникалық сипаттамасы

Атауы	Өлшем бірлігі	саны
ШКАФ-ты бекітетін тірек	К-м	1
Басқару блогі «Қала Жарық»	К-м	1
Автоматты сөндіргіш ЗР, С100	дана	1
Сым темір сары-жасыл 6мм	м	0,6
Медь сым темірі 16мм, ПВ-3	м	7
Медь сым темірі 2,5мм, ПВ-3	м	5
Медь сым темірі 1,5мм, ПВ-3	м	12
Медь сым темірі 0,75мм, ПВ-3	м	45
Розетка 220В, 16А, DIN рейкаға	дана	1
Жарық индикаторлары	дана	3
Батырма қызыл ІНО	дана	2
Ескерту: автормен құрастырылған		



Шкаф – кешкі және түнгі уақытта сыртқы жарықтандыру желілерін автоматтандырылған технологиялық бақылаумен басқаратын құрылғы. Қызметі: электр энергиясын қабылдау, есепке алу және тарату; шамадан тыс жүктемелер кезінде электр қондырғыларын қорғау; ауа райының күнгірттенуі мен маусымның кезекте ауысуына байланысты онлайн режимінде автоматты түрде қосылу. Кестеде, шкаф құрылғысының ішкі құрал жабдықтары, олардың сметалық көрсеткіші ұсынылған. Жобамызда техникалық жақтарына көп тоқталмаймыз, өйткені жобамыздың негізі экономикалық тиімділігін қарастыруға негізделеді. Осы құрылғының сметалық құны 1,492,857тг құрады.

Төмендегі суретте көрсетілгендей, шкаф құрылғысы электірлік трансформаторлық подстанцияда орналасады. Жарықтандыру шамдары интернетGSM желісі арқылы бақылауға алынады. Шамдарды қашықтықтан басқаруға мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтамасыз ету қызметін көруге болады. Бұл күндізгі және кешкі уақытта, шамның қосылуы мен сөнуін реттейді. Мысал бейнеде, көпір үсті бойлап орналасқан жарық шамдарының, шам шашу мөлшері евростандарттарға сай кескін көрсетеді. Бұл дегеніміз, жаяу жүргіншілер мен көлік жүргізушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді (6-сурет).



6 сурет – Сыртқы жарықтандыру жүйесінің жаңа үлгісі
Ескерту: [12] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

ШКАФ құрылғысының техникалық сипаттамасы тестеде көрсетілген. Термостатты көрсеткіші (-40; +40) температурада мүлтіксіз жұмыс жасайды. Энергетикалық тоқ көрсеткіші (16А; 380В). Басқару блогі « Алматы Қала Жарық » МКМ басқарады. ШКАФ құрылғысын жеткізуші ТОО « ЭнергоРесурсСнаб » атты мекеме болып табылады (қосымша бөліміннен нақты ақпарат көрсетілген).

6 Кесте – Шкаф құрылғысының техникалық сипаттамасы

Техникалық сипаттамасы		
Орындау түрі	Ашық	
Ылғалдан / шаңнан қорғау IP	65	
Кіру 0,4 кВ	Кабель	
Температура режимі, мин / макс °С	Мин	Макс
	-40	-45
Сыртқы жарықтандыруды басқару деңгейі:		
1. Уақыт релелері		
2. « Алматы Қала Жарық » басқару блогы (контроллер арқылы процесті автоматтандыру, отын GSM арнасы арқылы деректерді жіберу)	1. жоқ 2. ия	
Шығыс желілерінің саны		
Коммутациялық жабдықтардың номиналды параметрлері (ток А, кернеу В)	1. 16А. 380В. 2. 16А. 380В. 3. -	
Басқару жүйесінде үзіліссіз қуаттану блогының болуы	Ия	Жоқ
	x	
Ескерту: [13] әдебиет негізінде автормен құрастырылған		

МЖӘ шеңберінде орындалатын жаңа жоба Алматы қаласындағы жаңа технологияларды енгізуге, операциялық шығындарды азайтуға, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға және жайлылықты арттыруға бағытталған. Аталмыш механизмды қолдану мемлекетке де, бизнеске де бірқатар басымдықтарды иемденуге мүмкіндік береді. Жеке сектордағы кәсіпкерлерге бұл серіктестік жаңа инвестициялық мүмкіндіктер береді, сәйкесінше жаңа табыс көздері және де ірі жобаларға қатысу мүмкіндігі ашылады. Ал мемлекет елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын қамтамасыз етудегі жауапкершілігін жеке бизнеспен бөлісе отырып, оң көрсеткіштерге жету мүмкіндігіне ие болады. Сол себепті елімізде МЖӘ-тің институционалдық негізін дамыту, жобалар ауқымын кеңейту бағытындағы жұмыстар өзекті. МЖӘ тетігі жобаның нәтижелерін қорытындылауға, қала көшелерінің энергия тұтынудағы нормаларын бағалауға, сондай-ақ «Энергия үнемдеу 2020», «Жасыл экономика» тектес бағдарламалардың өріс алуына өз септігін тигізеді.

МЖӘ моделі энергетикалық сектор мен коммуналдық қызметтерді дамытуда маңызды рөл атқарады. Өйткені бұл инфрақұрылымға инвестициялардың ағыны бюджеттен тыс қаржыландыру арқылы ықпал етеді.



7 сурет – Жобаның тендерліккөрсеткіші
Ескерту: автормен құрастырылған

Біздің жобамыздың жаңашылдығы – көшелелерді жарықтандыру торабын орнатуды МЖӘ тетігінің бір нысанына негіздеу арқылы іске асыру. Халықаралық тәжірибеде МЖӘ-нің екі түрі ажыратылады: институционалдық және келісімшарттық. Қазақстан көлік және энергетика саласындағы жобаларды іске асыру үшін концессиялық келісімшарт негізінде МЖӘ келісімшарттық нысандарының бірін қолдану тәжірибесі мен заңнамасына ие. МЖӘ тетігінде әлеуметтік маңызды жобаларды жүзеге асырудың құқық қолдану тәжірибесін одан әрі қарай дамыту үшін Қазақстан осы саладағы құқықтық және институционалдық базаны жетілдіру қажет.

Қазақстандық заңнама МЖӘ-нің негізгі келісімшарттық нысандарын қарастырады, атап айтқанда: концессия; басқару келісімшарты; жалдау ақысы; қызмет көрсету шарты.

7 кесте – МЖӘ нысандары

МЖӘ нысандары	Қолданыстағы заңнаманың ережесі	Заңнамалық база
Жобалау, салу, қаржыландыру және пайдалану бойынша келісім (концессия).	Концессиялық жобаларды іске асыру үшін заңнамалық база - «Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. МЖӘ нысанын табысты дамыту заңнамалық және институционалдық базаны одан әрі жетілдіру шартымен жүзеге асады.	«Концессия туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
Басқару және техникалық қызмет көрсету бойынша келісімшарттар.	МЖӘ-нің бұл формасын осы заң шеңберінде қолдануға болады (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі) мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару нысанында жүзеге асырады.	Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (негізгі бөлім) 44-тарау. Мүлікті сенімгерлік басқару.
Пайдалану және техникалық қызмет көрсету бойынша келісімшарттар.	МЖӘ-нің бұл түрі (қолданыстағы заңнамаға сәйкес қолданылуы мүмкін) мемлекеттік мүлікті лизинг түрінде жүзеге асырады.	Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (негізгі бөлім) 44-тарау. Жылжымайтын мүлікті жалдау.
Ескерту: [14] әдебиет негізінде автормен құрастырылған		

Біз жарықтандыру торабын орнату үшін МЖӘ механизмін пайдалана отырып, жобамызды келісімшарттық нысанының, соның ішінде «Пайдалану

және техникалық қызмет көрсету бойынша келісімшарттар» түріне негіздеп алдық.

Пайдалану және техникалық қызмет көрсету (жалға беру, лизинг) бойынша келісімшарт– бұл форманың атқаратын қызметтері, тәуекелдері, операциялық тиімділіктері басқа нысан түрлерінен ерекшеленеді. Басты мақсаты –объектіні қаржыландыру үшін жеке сектордан қаражат тарту. Жеке меншік сектор мемлекеттік меншікті, оның ішінде коммуналдық инфрақұрылым объектілерін ұзақ уақыт бойы жалға алады және тұтынушыға қызмет операторы ретінде жауап береді. Жеке оператор ретінде әрекет етуші объектінің жұмыс істеуі мен қызмет көрсетуі үшін сыйақы алады, оның мөлшері және де оның көрсеткіштеріне тікелей байланысты болады. Бұдан басқа, мемлекеттен жалгер төлемді төлейді. Ол күрделі салымдар жасауға жұмсалады. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осындай келісімшарттар жасалуы мүмкін, бірақ оларды жүзеге асыру үшін заңнамалық базаны одан әрі дамыту қажет. Лизинг әлемдегі МЖӘ-те кең таралған нысандарының бірі болғанына қарамастан, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде ұсынылған «лизинг» анықтамасы мен тұжырымдамасынан МЖӘ нысаны ретінде ерекшеленеді. Лизингтік келісімдер шеңберінде жеке тұлға капиталды басқаруға және қолдау көрсетуге, сондай-ақ капиталдың бір бөлігін және операциялық шығындарды қаржыландыруға міндеттеме алады.

МЖӘ тетігін қолдану негізінде жоба қатысушыларының мүмкіндіктері мен кедергілерін SWOT анализ жүргізу негізінде анықтадық. Кестеде, екі сектордың артықшылықтары, әлсіз тұстары, мүмкіндіктері және қауіп-қатері көрсетілген. Сонымен қоса, жеке түрде ғана емес, екі секторға да тиесілі критерийлер бойынша талдау жасалған. Жоба шеңберінде басты артықшылықтары екі сектор арасындағы тәуекелдерді әділ бөлу принципімен, пайда табудың жаңа көзімен, ірі жобаларға қатысу мүмкіндігімен ерекшеленеді. Осындай артықшылықтарын ескере отырып, бірлесен серіктестік арқасында қалыптасатын табыстың тұрықты көзі және болашақтағы жүзеге асатын жобалардың негізінде тәжірибе жинақтау мүмкіндіктері көрсетілген. Қазақстанда МЖӘ механизмін дамыту арқылы туындайтын кемшіліктер мен қауіп-қатерлерді азайтуға болады деп ойлаймын.

8 кесте –SWOT-талдау

Артықшылықтары		Әлсіз тұстары	
Мемлекеттік серіктес	Жеке серіктес	Мемлекеттік серіктес	Жеке серіктес
1	2	3	4
Мүмкіндіктері		Қауіп-қатер	

1	2	3	4
<p>- салық және өзге де жеңілдіктер беру;</p> <p>- кепілдіктер беру;</p> <p>- өкілеттіктерді анықтау;</p> <p>- белгілі бір қаржы ресурстарын беру</p>	<p>- қаржы ресурстарының болуы;</p> <p>- ұйымдастыру тәжірибесін белсенді жүзеге асыру, жедел шешімдер қабылдау;</p> <p>- технологиялар жетілдіру;</p> <p>- басқару әдістерін енгізу.</p>	<p>- стратегиялық бағдарламалар дамуының жеткіліксіз деңгейі;</p> <p>- аймақтық деңгейде серіктестікті дамыту мәселесінің жеткіліксіз дамуы;</p>	<p>- бастаманың төмен деңгейі;</p> <p>- үйлестірудің төмен деңгейі</p>
		<p>- кадрлық мәселелер;</p> <p>- транзакциялық шығындардың жоғары деңгейі;</p> <p>- айқын мотивациялық механизмнің жоқтығы</p>	
Мүмкіндіктері		Қауіп-қатер	
<p>- инфрақұрылымды салу, реконструкциялау, жаңғырту проблемаларын шешу;</p> <p>- бюджет шығыстарын оңтайландыру;</p> <p>- нарықтық экономиканың негіздерін нығайту;</p> <p>- стратегиялық міндеттерді шешу жаңа «өсу нүктелерін» құру;</p>	<p>- жобадан түскен пайда;</p> <p>- Тұрақты табысты алу;</p> <p>- капитал нарығына қол жеткізу;</p> <p>- кәсіпкерлік және инвестициялық тәуекелдерді төмендету;</p> <p>- әлеуметтік мәні бар жобаға үлес қосатын компанияның имиджін алу;</p>	<p>- «көлеңкелі» бизнес құрылымдардың жоғары деңгейі;</p> <p>- мемлекеттік ресурстарды тиімсіз пайдалану;</p>	<p>- саланың маңызды әлеуметтік бағдарлануы;</p> <p>- отандық кәсіпкерлермен МЖӘ жобаларының сәтсіз жобалар</p>
<p>- жобаны іске асыру үшін жауапкершілікті бөлу;</p> <p>- тұрақты инновациялық және инвестициялық механизм құру</p>		<p>- институционалдық және экономикалық базаның жеткіліксіз дамуы</p>	
<p>Ескерту: автормен құрастырылған</p>			

Осы жобада үкімет бәсекелестік әдіс немесе тікелей келіссөздер арқылы жеке серіктесті таңдай алады. Бұл жағдайда жобаны тез іске асыру үшін жеке тарапты жеңілдетілген түрде анықтау керек. МЖӘ жобасын іске асыру мынадай кезеңдерден тұрады:

- МЖӘ жобасының бизнес-жоспарын жасау;
- «Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік туралы» 2015 жылғы Заңның 31-бабының негізінде тұлғаны анықтау;
- МЖӘ туралы шартты жасасу;
- МЖӘ келісімшартында көрсетілген екі жақтың міндеттерін орындау.

МЖӘ жобасын дамытудағы ең үлкен проблема тәуекелдерді оңтайлы бөлу болып табылады. «Қазақстанның мемлекеттік-жеке меншік әріптестік орталығы» ұйымының құзыреті серіктестікті әдістемелік қолдау көрсету арқылы біртектес мәселелерін шешуге көмектеседі. МЖӘ жобаларының ұзақ мерзімді сипаты жеке инвестицияларды қайтару қажеттілігімен және жобалардың кешенді сипатымен байланысты. Нақтырақ айтқанда, әріптестіктің ұзақтығы бизнес-жоспарға салынған қаражаттың мөлшерімен анықталады [15].

9 Кесте –Құрал-жабдықтардың сметалық көрсеткіштері

Атауы	Маркасы, өлшемі	Төлем (KZT)
1	2	3
Бөлшектеу жұмыстары		
Жарықтандыру тіреуін бөлшектеу жұмысы (ескертпе! Ақауы бар)	1шт	3 548
Бөлшектеу жұмыстары (тоқ сымдар, қоқыс)	1шт, т, 00,5км	9 693
Жарықтану сымын бөлшектеу	50м	2,545
1000 В техникалық қысым		
ШУНО ПР 11-3116	11-16-20-ЭН ОЛ (1 шт)	1 493 388
Шикі зат құралы		
Бетон	Бетон М200 (12,04м ³)	8 200
Әуе желілерінің сымдары. Провода ВЛ		
Қозғалмалы оқшауланған сым 3x16+1x16	СИП-2 3x16+1x25 (1666 м)	544 937
Темірбетонды элементтер		
Тірек	СВ95-2А (22шт 7850кг)	21 567
Тірек	СНЦс2,8-10 (14шт)	78 630
Сызықтық арматура		
Скрепа	Сот 36 (76т)	102
Темір бандажды лента 19x0,75мм	Сот 37 (84,4м)	410
Жалғанатын қысқаш (плащечный)	SL 37.2 (17дана)	636,5
Ілмек	SOT21.01 (3дана)	2 865
Ілмек	SOT21.116 (16дана)	2 620
Бандажды ілмек	SOT29.10 (44)	1700

9-кестенің жалғасы

1	2	3
Металды құрылғылар		
Жерге орнатылатын сым темір	ЗП6 (17м)	1 115
Сүйеулі кранштейн	К1П (39дана)	5 470
Сүйеулі кранштейн	К1,1П1 (14дана)	4 140
Кранштейн. 5,3т	У3 (3дана)	3800
Жолсеріктік кабель		
Күшті қуатты кабель, мыс және оқшаулы, өрт қауіпсіздігі, қуаты 1Кв дейін	ВВГнг 3х1,5-1 (106м)	139
Кабельді сым темірлер.		
Труба диаметрі 50мм, ұзындығы 30м	30 шт	539 479
Кабель 35 КВ, 1м-1кг	40 м	19 442
1 Траншеяға, 1 кабель	321м	235 606
Кабель 35 КВ дейін, 1м до 1кг. Орнатылған құрылыстар астынан өткізу	7м	105 191
Қуатты кабель АВБШв 4х4- 1 ГОСТ 16442-80	0,368км	3 164
Сигналды лента	321м	17 681
Жабдықтар (ШУНО)	шт	1 493 388
Темір тіреулер, Тіректер (Цинкованный, азбест)		
темір тіреулер орнату, қолдан топырақ дайындау	12044м3	371 028
Фундамент және Тіреу орнату	14 тіреу	325 241
Тіреу ВЛ 0,38-10 Кв. Жерге 12000К	120 шт	53 593
Темір бетонды тіреу	30 тіреу	364 660
Сыртқы жарық орнату жұмыстары		
Темір бетонды тірек. 0,38 Кв. СВ95-2А	22шт	852 366
Траншеялар, шұңқыр, котлован. Қолмен көму 2К-33000	121,44м3	193 617
Светильник JERA-B100	53дана	3 133 944
Светодиотты шам 100В 4500к JERA-B100	53дана	3,250,487
Кабель 35 КВ дейін, 1м до 1кг. Тоқты көше бойы жалғау, көшедегі бұрылыстарға.	106м	47 914
Смета бойынша шығын		
Жұмысшылар еңбек ақысы		1 357 259
Көліктердің шығыны (трактор, экскаватор)		865 778
Машинисттер еңбек ақысы		326 988
Шикі зат өнімдері		7 043 004
Тасмалдау шығыны		1 492 857
Басқада шығындар		1 237 958
Сметалық пайдасы		840 330
Барлығы		12,837,309
Ескерту: автормен құрастырылған		

МЖӘ жобасының тиімділігін анықтау үшін жобаның қысқаша сипаттамасы әзірленді. Жобамызды іске асыру тетігі мемлекеттік-жекеменшік әріптестік (МЖӘ) болып табылады. Бұл форманың шеңберінде тәуекелдерді бөліп қарастырдық.

Мемлекеттік серіктес:

- Жобаның шеңберінде Медеу ауданындағы көшелерді жарықтандыру желілерін жеке серіктеске береді;
- Жобалық-сметалық құжаттаманы беру;
- Жеке серіктеске операциялық шығындар мен сапа сипаттамаларына өтемақы төлеуге міндетті.

Жеке серіктес:

- МЖӘ жобасын өз қаражаты есебінен (30%) және қарыз қаражатынан (70%) қаржыландырады;
- Жарық шығаратын диодтағы сыртқы жарықтандыру шамдарын ауыстыруды, арматураның контроллерін орнатуды жүзеге асырады;
- Сыртқы жарықтандыруды ауыстыру және орнату, сондай-ақ жер асты кабеліне ауа электр желілерін ауыстыру;
- Сыртқы жарықтандырумен (ШУНО) басқару шкафтарын орнатады және МЖӘ қондырғысын пайдаланады.
- Өтемділік мерзімі – 6 жыл
- Жеке серіктесті анықтау әдісі екі кезеңдік тендерлік рәсім болып табылады.



8 сурет – Сахариев көшесі

Ескерту: автормен құрастырылған

Қорыта келе, біздің ұсынысымыз МЖӘ-нің бір формасын қолдана отырып, осы көшеде жарықтандыру тораптарын салу жобасын іске асыру. Зерттеу нәтижелерінде көріп отырғанымыздай, Сахариев көшесінде жол төсемесі нашар екенін байқауға болады. Соған орай, МЖӘ-нің тиімділікөше бойында жарықтандыру тораптарын орнатып қана қоймай, көше бойына тегіс әрі сапалытас жолын салуға мүмкіндік береді.

ЗХАЛЫҚТЫ ҚОҒАМДЫҚ ИГІЛІКТЕРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕШЕЛІК ӘРІПТЕСТІК ТЕТІКТЕРІН ҚОЛДАНУДЫ ЖЕТІЛДІРУ

3.1 Қоғамдық игіліктер және олардың ұсынысын қамтамасыз етуде мемлекеттік-жекешелік әріптестікті пайдалануды жетілдіру бағыттары

Қазақстанда мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті жетілдіру әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды факторы болып табылады. Бүгінгі күні бұл серіктестік инвестицияларды тартудың сапалы жаңа және тиімді тәсілі, осы типтегі бірлестік негізінде экономикалық өсуді ғана емес, әлеуметтік маңызы бар инфрақұрылымды да дамытуға болады. Мемлекет әлеуметтік маңызы бар нысандарға салынған жеке инвестициялардың көмегімен бюджетті оңтайландыруға және осылайша қаржы жүктемесін жойып, бизнеске «мемлекеттік» нарыққа шығуға мүмкіндік береді. Жобамыздың өзектілігі жоғарыда айтып өткендей, Қазақстан аймақтарының табысты әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін МЖӘ нысандары мен құралдарын пайдалану тәжірибесін жетілдіру. Институционалдық жағдаймен байланысты проблемаларды зерттей келе, МЖӘ басқарудың формаларына қарай заманауи модельдерін пайдалану, экономиканың инновациялық дамуындағы бизнес пен үкімет арасындағы себеп-салдардың өзара байланысын анықтау маңызды мәселелердің бірі екенін көрсетіп отыр. Мұның бәрі мемлекеттік азаматтық және муниципалды қызметкерлер тарапынан құзыреттіліктің жаңа деңгейін, жобаларды басқарудың заманауи әдістерін, тәуекелдерді басқаруды және МЖӘ жобаларын иеленуді талап етеді.

Қазақстанда мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің қысқа тарихы бар. Соңғы жылдар ішінде әлеуметтік-экономикалық даму міндеттерін бірлесіп шешу және оларды мемлекеттік-жеке меншік серіктестік түрінде ұйымдастыру бойынша тәжірибелік қадамдар белсенді жүргізіліп келеді. Қазіргі таңда Қазақстан көлік және энергетика секторларындағы бес жоба іске асырылу үстінде, олар: «Шар-Өскемен станциясы» теміржол желісін салу және пайдалану; Ақтау халықаралық әуежайының жолаушылар терминалын салу және пайдалану; «Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы» өңіраралық электр жеткізу желісін салу және қолданысқа енгізу; Ақтөбе облысының Қандыағаш қаласында газ турбиналық электр станциясын салу және пайдалану; «Ералиев-Құрық» теміржол желісін салу және қолданысқа енгізу. Осы концессия объектілерін салудағы ұсынылатын инвестициялардың жалпы көлемі шамамен 75 млрд. теңгені құрайды. Жоспарлау кезеңінде концессиялық схема бойынша көліктік және әлеуметтік салаларда шамамен 16 жобалар бар, олардың жалпы құны 750 млрд. теңгеден астам сомаға салынған.

Қазақстан Республикасының 16 аймағынан ішінде алты облыс (Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды және Маңғыстау облыстары, Астана және Алматы) МЖӘ-пен айналысады, бірақ олардың сегізінде МЖӘ жобалары белсенді түрде жүзеге асырылып келеді. МЖӘ орталықтарының өңірлік желісін

кеңейтудің маңызы коммуналдық және әлеуметтік инфрақұрылым саласындағы аймақтық бастамаларға институционалдық қолдаудың қажет екенін көруге болады. Дамушы елдердегі МЖӘ-нің институционалдық ортасын талдаудың әдіснамасын жетілдірудің келесі қадамы – халықаралық ұйымдар тарапынан «Инфраскоп» жобасы шеңберінде бағалаудың жаңа әдіснамасын енгізу. 2017 жылғы зерттеулер бойынша Шығыс Еуропа мен ТМД елдерінің, соның ішінде Қазақстанның 25 елін қамтыды.

10 кесте –Шығыс Еуропаның және ТМД елдерінің кейбір елдеріндегі МЖӘ жағдайын бағалау

Елдер	Жалпы рейтинг		Нормативтік база		Институционалдық инфрақұрылым		МЖӘ іске асыру тәжірибесі		Инвестициялық климатыландыру		Қарж және мемлекеттік қолдау		Аймақтық заңнама	
	орын	ұпай	орын	ұпай	орын	ұпай	орын	ұпай	орын	ұпай	орын	ұпай	орын	ұпай
Хорватия	2	64,6	3	85,5	2	92,8	12	32,9	8	57,9	14	39,9	5	51
Россия	9	52	16	47,9	15	34,4	4	51,6	7	59,3	8	59,4	3	76
Қазақстан	19	36,7	23	26	8	42,8	18	17,3	13	52,8	10	56,7	14	26
Украина	23	29	19	35,5	18	26,0	9	36,8	21	36,5	23	9,4	14	26
Беларусь	26	11,4	35	16,7	26	9,4	20	13,6	26	11,9	23	9,4	24	0,0

Ескерту: автормен құрастырылған

Кестеде көрсетілген бағалау параметрлерінесүйене отырып,Қазақстанда МЖӘ даму жағдайына талдау жасдық. Қазақстан салыстырмалы түрде мына көрсеткіштер бойынша артта келеді (жалпы есепте 18-орын, 100-ден 36,7балл).

Бірінші кезекте нормативтік-құқықтық реттеу (22 орын, 26 балл), МЖӘ жобаларын іске асырудың тәжірибесі (17-орын, 17,3 балл) және аймақтық деңгейде МЖӘ-ні нормативтік реттеу (13-ші орын, 26 балл). Сондай-ақ институционалдық инфрақұрылымды дамыту деңгейінде Қазақстан МЖӘ үшін институционалдық қолдау ортасын құру бойынша мемлекеттік саясаттың нәтижелерін дәл көрсете отырып, көшбасшылардың ондығына кірді (7 орын, 41,7 балл)[16].

Қазақстанда МЖӘ дамыту мүмкіндіктерін ескере отырып, оның дамуына ықпал ететін факторлар тобын атап өту қажет. Бұл – саяси (МЖӘ реттеу жүйесі болуы; МЖӘ жобаларын іске асыруда мемлекеттік және жеке меншік органдардың өзара іс-қимылының бірыңғай саясаты мен тиімді схемасы; өңірдің дамуының стратегиясы, мақсаттары мен міндеттері, қызметінің кейбір бағыттары; әртүрлі деңгейдегі басқару органдарының құзыреттілігі мен олардың арасындағы қарым-қатынастың нақты анықтамасы; мемлекеттік органдардан тікелей қолдау), әлеуметтік-экономикалық (инновациялық экономиканың заманауи инфрақұрылымы; жобалардың әлеуметтік бағыттылығы; экономикалық жағдайдың тұрақтылығы және экономикалық, қаржы және инвестициялық саясаттың ашықтығы; қаржы институттарын, соның ішінде инвестиция, венчурлық қорларды дамыту; өңірдің даму стратегиясын, мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға қатысу үшін бизнес-құрылымдарды экономикалық ынталандыру; МЖӘ кәсіпкерлік серіктестік құрылымын таңдаудың бәсекелестік механизмі), заңды (нормативтік базаның болуы; халықаралық тәжірибеге сәйкес МЖӘ заңнамасын жетілдіру; тараптардың МЖӘ-дегі құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі институттарды дамыту), институционалдық (еңбекті қорғау; қоршаған ортаны қорғау; моральдық және дәстүрлер).

Қазақстанның экономикасының дамуының перспективалық кезеңдеріне сәйкес МЖӘ дамытудың мынадай нысандарын ұсынуға болады:

- мемлекеттік-жеке меншік әріптестік негізінде экономиканың үдемелі инновациялық технологиялық даму жүйесін қалыптастыру;
- шетелдік инвесторларды тарту;
- мемлекеттік активтердің қатысуымен интеграцияланған компаниялар құру;
- МЖӘ нысандарын жетілдіру және түпкілікті өнімнің сыртқы нарығына шығатын отандық компанияларға қамқорлық ету;

МЖӘ-ні пайдаланудағы тәжірибенің сәтсіздікке ұшырауының негізгі себептері мыналар: бюджеттік инвестициялармен салыстырғанда жоспарлаудың ұзақ мерзімді процедуралары; нарықтық жағдайлардағы өзгерістерге байланысты ұзақ мерзімді болжау күрделілігі; ірі жобаларға инвесторларды тарту қиындықтары; МЖӘ саласындағы нормативтік-құқықтық базаның жетілмегендігі.

Қазақстандағы МЖӘ дамытуға кедергі келтіретін факторларды жүйелендіру институционалдық қамтамасыз етумен байланысты келесі «ауырсыну нүктелерін» көрсетеді.

Біріншіден, қолданыстағы заңнамашетелдік инвесторлардың көзқарасы бойынша, МЖӘ жобаларын тиімді іске асыру үшін жеткілікті кепілдік бермейді, өйткені:

- мемлекеттік меншіктегі инфрақұрылым объектілері, әдетте, жобаның активтерінің жалпы құнына кірмейді;

- «бюрократиялық» МЖӘ келісімдерін әзірлеу, келісу және бекіту үдерісі көп уақытты алады (іс жүзінде - 12 айдан 24 айға дейін) және мемлекеттік органдардың шешім қабылдау үшін жеткілікті ашықтықты қамтамасыз етпейді.

Екіншіден, ҚР нормативтік-құқықтық базасы мемлекеттік серіктестің қаржылық міндеттемелерін орындау үшін ұзақ мерзімді кепілдіктер бермейді, өйткені бюджеттің шығыс бөлігі орта мерзімді (үш жылға дейін) негізде, ал инфрақұрылымдық жобалардың ең аз мерзімі шамамен 15-20 жыл.

Үшіншіден, тендер өткізу процесі жеткілікті түрде ашық және тиімді емес. Мысалы, заңда тендер өткізу туралы талап МЖӘ-нің концессияға жатпайтын нысандары үшін міндетті болып табылатынын көрсетпейді, бұл қосымша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудырады.

Төртіншіден, Қазақстан Республикасындағы МЖӘ-нің негізгі ұғымдарын, түрлері мен формаларын түсіндіру халықаралық стандарттардан айтарлықтай ерекшеленеді. Атап айтқанда, мемлекеттік мекеме немесе министрлік мемлекеттік корпорациямен ынтымақтасатын жобалар «МЖӘ жобалары» деп есептеледі, ал іс жүзінде олар мемлекеттік құрылымдардың серіктестігі болып табылады.

Бесіншіден, Қазақстандағы МЖӘ жобаларының көпшілігі көлік пен энергетикамен байланысты, ал әлеуметтік инфрақұрылыммен байланысты салалардағы инвестициялар шектеулі. МЖӘ үлгісі қолданылатын салалардың тізбесін кеңейту мемлекеттік саясатта көзқарастарды тиісті түрде қайта қарауды, қаржыландыру тетіктерін жетілдіруді, әлеуметтік бағыттылықтың МЖӘ жобаларының тиімділігін талдау және бағалау әдісін талап етеді.

Алтыншыдан, МЖӘ жобаларын дайындау және іске асыру рәсімдерін оңтайландыру. Концессионерлерді іріктеу сапасын жақсарту, жобаларды дайындау мерзімдерін қысқарту және халықаралық тәжірибеге сай тендерлерді өткізу үшін конкурстық процедураларды жеңілдету ұсынылады. Күрделі жобалар үшін инвесторларды іріктеу компанияның тәжірибесіне және екі кезеңді тендерге негізделген алдын ала бағалау әдісіне жоспарлануы тиіс. Яғни, бірінші кезеңде ең жақсы техникалық шешімдер мемлекеттік сараптамамен таңдалып алынады, ал екінші кезең - ең жақсы баға ұсынысы. Бұл жағдайда мемлекеттік органдардың жобаларын және техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу талап етілмейді.

Жетіншіден, МЖӘ жобаларын іске асыруды институционалдық қолдау. МЖӘ жобаларын іске асыру үшін қолдау көрсетудің екі деңгейлі жүйесін енгізу қарастырылған

МЖӘ дамытудың бағыты- салалардың, өңірлер мен экономиканың халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту және тұтастай алғанда елдің инвестициялық ахуалын жақсарту үшін

мемлекеттік саясат шараларының кешенін іске асыруға бағытталуы тиіс. Осы мақсаттар үшін біз келесідей ұсыныстар жасаймыз:

Біріншіден, тұжырымдаманы (модельді), басымдықтарды, негізгі шарттарды, сондай-ақ МЖӘ саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және жүзеге асыруға жауапты орталық органды айқындайтын Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік туралы» заңының қабылдануын жеделдету (сәйкесінше қолданыстағы заңнамаға түзетулер енгізу).

Екіншіден, функцияларды бөлу және түсіндіру, МЖӘ жобаларын әзірлеу және үйлестіру процедураларын азайту және жеңілдету үшін реттеушілердің (орталық және жергілікті) өкілеттіктерінің қайталануын болдырмау. Сол процестің бір бөлігі инвестициялық ұсыныстарды тиімділігін жоспарлау, талдау және бағалаудың сапасын жақсарту үшін тәуелсіз консультациялық ұйымдардың өңірлік желісін кеңейту қажет.

Үшіншіден, қатысушылардың тізімін (шетелдік инвестициялар, аралас, егемен және зейнетақы қорлары, жеке инвестициялық банктер, корпорациялар) халықаралық капитал нарықтарына қол жеткізу арқылы кеңейту үшін МЖӘ қаржыландыру тетіктерін әртараптандыру. Бұдан басқа, жеке провайдерлерге салық жеңілдіктері, мемлекеттік сатып алу және т.б. сияқты қосымша ынталандыру жүйесін енгізу қажет.

Төртіншіден, әлеуметтік және тұрғын үй-коммуналдық секторларда МЖӘ-нің қолдану тетіктерін жетілдіру.

Қорыта келгенде, қазіргі уақытта елімізде МЖӘ тетігі бойынша жобаларды жүзеге асырудың өзіндік кемшіліктерін, «ауырсыну нүктелерін», кедергілерін талқыладық. Еліміздегі МЖӘ-нің даму жағдайын көршілес елдермен салыстыру негізінде, қай критерийлер бойынша әлсіз тұстарымызды сараптадық. Сонымен қоса, МЖӘ даму кезеңдеріне, аналитикалық талдау жасап, қолдануға тиімді нысандар ұсындық. Қоғамдық игіліктер және олардың ұсынысын қамтамасыз етуде мемлекеттік-жекешелік әріптестікті пайдалануды жетілдіру бағыттарына өзіндік ұсыныстар жасадық.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі таңда халықтың экономикалық және әлеуметтік-саяси өміріндегі қоғамдық тауарлардың рөлі маңызды орындарға ие. Өйткені, халыққа ұсынылатын қоғамдық тауарлардың сапасы мен саны мемлекеттің әл-ауқатын анықтайтын негізгі факторлардың бірі болып табылады. Әлеуметтік-экономикалық жаңғыртуды шешудің басты міндеті – экономикалық өсімі мен қоғамдық игіліктердің ұлғаюы арасындағы оңтайлы тепе-теңдікке қол жеткізу көзделген.

Бүгінгі таңда экономика мен қоғамдық өмірдің жекелеген салаларында істі ілгері жылжытудың табысты формаларының бірі мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі (МЖӘ) болып табылады. Мемлекеттің қолында жер және билік бар. Салық мәселесінде қолайлы жеңілдіктер жасай алады. Ал жекеменшіктің қолында қаржы бар. Әрі шаруашылық жүргізуде мемлекетке қарағанда, әлдеқайда жылдам және икемді. Міне, осы екі мүмкіндіктің басын қосу арқылы тау қопаруға болады. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің негізгі мақсаты елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында екі сектордың ресурстарын біріктіру арқылы мемлекеттің экономикасына инвестициялар тарту. Осы бағытта қолжетімді объектілерді жаңғырту және құру жоспарланып отыр. МЖӘ тетігі ұзақ уақыт бойы әлеуметтік маңызды жобаларды қаржыландыру үшін жеке инвестицияларды тартудың тиімді және икемді механизмі ретінде өзін танытып келеді. Бұл жүйе әлемдік тәжірибеде әр түрлі деңгейде даму үстінде. Қазақстанда, аймақтық өңірлерде МЖӘ шеңберіндегі жобалар қарқынды түрде дамып келеді. МЖӘ жобалары – үлкен инфрақұрылымдық немесе әлеуметтік нысандарды қамтиды. Мемлекеттің де, бизнеспен де ұсынылған МЖӘ жобаларының толық тізбесі арасында көше жарықтандыру желілеріне қызмет көрсету бойынша жобалар ең перспективті болып табылады. МЖӘ тетігін қолдану мемлекет пен жеке серіктестер арасындағы тәуекелдерді әділ бөлу арқылы өңірдегі ресурстардың үлкен көлемін шоғырландыруға бағытталған әлеуметтік маңызды жобаларды жүзеге асырудың әлеуетті мүмкіндіктері мол. Бұл жүйе, дәстүрлі мемлекеттік сатып алумен салыстырғанда құрылыс сапасын жоғары деңгейде қамтамасыз етеді. Жобамыздың зерттеу нәтижесінде, елімізде көптеген қалалар мен елді мекендерде көшелерді жарықтандыру жүйесі ескіріп, модернизацияға мұқтаж екенін көрсетті. Сондықтан, ұсынылған жобада Медеу ауданына қарасты Сахариев көшесінің сыртқы жарықтандыру жүйесіне зерттеу жүргізіліп, анықталған мәселелердің шешу жолын ұсындық. Жобадағы ұсынымдар төмендегідей:

- Көшені жарықтандырудың «ақылды» жүйесіне көшу арқылы энергия үнемдеуді арттырып, оған жұмсалатын шығындарды азайту.

- Жобамызды МЖӘ тетігінің бір нысанына негіздеу арқылы, Медеу ауданына қарасты Сахариев көшесінде жарықтандыру тораптарын орнату

Қоғам өміріндегі барлық жаңа өзгерістер толығымен талқыланады. Сол себепті, қоғамның жаңа нәрселерден күмәнданатыны құпия емес. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік дамыған елдерде өзіндік тәжірибесі мол болғанымен,

біздің елімізде әліде түсінбеушілік мәселелері бар. Атап айтқанда, тәуекелдерді теңгерімді бөлу, тендерлердің тиімсіз өткізілуі, кейбір салаларда бұл жүйенің қолдану аясының аздығы. Соған орай, біз жобамызда МЖӘ-нің дамуына кедергі келтіретін мәселелердің бірқатар себептерін талқылап, шешу жолдарына ұсыныстар келтірдік.

1. МЖӘ саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және жүзеге асыруға жауапты орталық органды айқындайтын Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік туралы» заңының қабылдануын жеделдету (сәйкесінше қолданыстағы заңнамаға түзетулер енгізу).

2. МЖӘ жобаларын әзірлеу және үйлестіру процедураларын азайту және жеңілдету үшін реттеушілердің (орталық және жергілікті) өкілеттіктерінің қайталануын болдырмау. Сол процестің бір бөлігі инвестициялық ұсыныстарды тиімділігін жоспарлау, талдау және бағалаудың сапасын жақсарту үшін тәуелсіз консультациялық ұйымдардың өңірлік желісін кеңейту қажет.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстанды мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығының ресми сайты – <http://kzppp.kz>[03.03.18]
- 2 Самуэльсон П. Принцип максимизации в экономическом анализе // Thesis. № 1, 1993. – 184-202 бб.
- 3 Кац И.С. Саморазвитие институтов общественного сектора // Вестн. УрАГС. № 3, 2009. – 62-69 бб.
- 4 Якобсон Л. И. Экономическая теория и политика.–М.: Государственный сектор экономики, 2000. – 368 б.
- 5 Маршалл А. Принципы экономической науки.–Т.І.М, 1993. – 114 б.
- 6 Государство и партнеры – <http://and.kz/site/article/696>2014 жылғы 11-қыркүйек айындағы жарияланым[10.03.18]
- 7 Бабайцева И.К. Влияние новых технологий на роль государства в экономике / Вестник СГСЭУ. № 5, 2010. – 42 б.
- 8 Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік туралы / Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 31 қазандағы № 379-V ҚРЗ.–<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000379>[16.03.18]
- 9 Варнавский В. Государственно-частное партнерство: некоторые вопросы методологии / Вестник Института экономики РАН. № 3, 2009. – 56 б.
- 10 Медеу ауданы әкімшілігінің ресми сайты–<http://medeu.almaty.kz>[19.03.18]
- 11 Студопедия сайты / Уличное освещение, – <https://studopedia.org/8-108021.html> 2015 жылғы 26-қаңтардағы жарияланым[25.03.18]
- 12 Макареня Т, Синельников Т. Государственно-частное партнерство как механизм межфирменного взаимодействия на локальном рынке жилищно-коммунальных услуг // Региональная экономика: теория и практика. № 19, 2008 –35-42 бб.
- 13 Алпатов А.А., Пушкин А.В., Джапаридзе Р.М. Государственно-частное партнерство. Механизмы реализации. – М.: Альбина Паблишерс, 2010. – 23 б.
- 14 Амунц Д.М. Государственно-частное партнерство. Концессионная модель совместного участия государства и частного сектора в реализации финансово-экономических проектов / Справочник руководителя учреждений культуры. №12, 2005. –16 б.
- 15 Варнавский В.Г. Партнерство государства и частного сектора: формы, проекты, риски. – М.: Наука РАН, 2005. – 5 б.
- 16 Аткинсон Э.Б., Стиглиц Д.Э. Лекции по экономической теории государственного сектора. – М.: Аспект Пресс, 1995. – 832 б.